

А.А. АБДУЛЬМАНОВ

МҰНАЙ-ГАЗ САЛАСЫ ДИСКУРСЫНДАҒЫ АРНАУЛЫ ЛЕКСИКАЛЫҚ БІРЛІКТЕРДІҢ СӨЗЖАСАМДЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

Лингвистикалық энциклопедиялық сөздікте дискурске төмендегідей анықтама берілген: «Дискурс экстралингвистикалық, грамматикалық, прагматикалық, әлеуметтік мәдени және басқа да факторлар жиынтығымен байланысқан мәтін: «іс-әрекетке белгілі бір мақсатпен бағытталған тіл ретінде, адамдар мен олардың сана-сезіміндегі механизмдердің өзара әсер етушілікке (когнитивті үрдістер) қатынасын компонент ретінде қарастырылады. Дискурс тілдің паралингвистикалық (мимика, жест) әрекеттермен сүйемелденетінін білдіреді және «өмір сүру» түрлерімен (репортаж, нұсқау, әртүрлі тап өкілдерінің әңгімесі т.б) сәйкестендіріле зерттеледі [1, 76]. Осы көрсетілген анықтаманы негізге ала отырып саланың өзіндік мәтіні болады демекпіз. Әрқайсысының қолданылу аясы, лексика-стистикалық ерекшелігі болуы сөзсіз. Белгілі бір грамматикалық құрылымды ұстанып, сөйлемдердің құрамдылығы мен жалпы мәтін құрау тізбегінде арнаулы мақсаттылық болуы тиіс. Өндіріс мақсатын ұстанған мұнай және газ саласында кәсіби ақпарат берілу көзделеді. Нақты тұжырымдарды саралап, техникалық тәртіптерді қатаң баяндауға, түрлі физикалық құбылыстар мен химиялық құрамдарға анықтама бере отырып, аспаптардың жұмыс жасау механизмдері мен құрылысына сипаттама беруге бағытталған арнайы тіл арқылы өзіндік ерекшелігі бар дискурс құрылады.

Жоғарыда келтірілгендей, мұнай және газ дискурсы бірнеше сала терминологиясынан тұрады, жалпы жаратылыстану ғылымдарының тіліне ұштасып жатқан сабақтастықты танытады. Бұл салаларда негізгі орын алатыны – белгілі бір ақпаратты баяндауды мақсат тұтқан арнайы мәтін болып келеді. Айталық, 1943 жылы жазылған Калмыковтың еңбегіндегі арнаулы мақсаттағы мәтін үзіндісінде негізінен геология терминдері сөйлемде тіркесе отырып арнаулы тілді құрайды: *Көлденең киіліккен қыйыншылықтарда саз ертіндісі басқа міндеттерді де атқарады. Мұнай скважинасын салғанда жолығатын қыйыншылықтардың барлық түрі мен бұрғышылар саз ертіндісі арқылы күреседі, бұлар циркуляцияның кетуі, газдың атылуы, жоғары напорлы судың құйылуы, құлаулар* [2, 25]. Жай ғана авторлық баяндау геология ғылымының скважина, саз ертіндісі, циркуляцияның

кетуі, газдың атылуы, судың құйылуы, құлау секілді жеке-жеке дефинициясы бар терминдерінің көмегімен ғылыми сипаттаманы береді.

А. Шаукенбаевтың басқаруымен 1941 жылы аударылып жазылған А.И. Жуковтың кітабында құрылғының сипаттамасы төмендегіше берілген:

Айдар тарбақтан (тройник) сырмадан және жоғарғы патрубоктан – буфердан құралады.

Трубалар басы (арматураның коллонна басы мен айдардың бірінші задвижкасының (сырмасының) арасындағы орталық бөлігі) фонандық трубаларды асып қоюға және қысылған ауаны скважинаны қоздырған кезде жіберіп тұруға арналған.

Айдардың екі және үш ағызғыштары (выкидная линия) болады [3, 6]. Маманның орыс терминдерінің орнына ұлттық тіл қорынан сөз тауып алмастырғаны – қазақ тілінде сала терминін қалыптастыруға тырысканының кепілі. Бұл жерде «айдар» деп отырғаны салалық тілде «фонандық ёлка» деп аталатын құрылғы бөлігі. Дискурста айдардың құрылымы мен негізгі қызметі сипатталып, ұлттық дүниетаным тұрғысынан бағаланып ат берілген.

Ал Сабыр Шариповтың «Нефть» деп аталған еңбегінде баяндаумен қатар авторлық өзіндік баға беруі ерекше орын алған.

Қазақ тілінде (жер май) деп лампыға жағатын су секілді сұйық майды айтады. Оның түбі жерден шығатын нәрсе екендігін жер май деп аталғандығы-ақ айтып тұр. Лампыға жағатын май тұнық қалпымен жердің астында көзі бар бұлақ секілді болып жатады деп көретін көбі ойлауы мүмкін. Өйткені бұл туралы анық сезіліп жатқан сөз әлі күнге шейін қазақ әдебиетінде көрілген жоқ.

«Непті» деген май пайдалы, күннен күн ілгері басқан сайын адамзатқа өте керек болып бара жатқан көп байлықтардың бірі.

Алтын, күміс, асыл-болат адам баласына қандай керек болса, «непті» сол нәрселерден артығырақ керек [4, 5].

Арнаулы сала дискурсында ғылыми пікірлерді саралау мен салыстыру жиі орын алады. Айталық, 1930 жылы жарық көрген Сабыр Шариповтың еңбегінде бұл салыстыру ғылыми көзқарасты саралауға пайдаланған. Мысалы:

Бір пікір: «непті» – тас темір, топырақ секілді улы нәрселерден жаралулы дейді.

Екінші пікір: Жандық нәрселер өліп, солардың денесінен қалған заттардан жаралды деген пікір айтады.

Соңғы пікірге қарсы айтқанда русияның үлкен білгіші Менделейін деген кісі «непті» деген нәрсе жердің әр түрлі қабат астынан да табылып жатыр. Дүниежүзінде жандық нәрселер жаратылған дәуірлерде нептінің табылғандығы оның өлі нәрселерден (темір, тас, топырақ секілді нәрселерден) жаратылғандығына дәлел береді [4, 11].

Осындай ой саралаудан соң авторлық қорытынды берілген. Мысалы,

...Менделейінтің пікірі бойынша, непті өлі нәрселерден жаратылған болып шығады. Оның пікірі ырас болса, жердің ішіндегі непті бір жағынан алынып жұмсалып жатса, екінші жағынан өсіп жатқан болады. Олай болса, непті таусылып қалады деген қауіп негізсіз болғаны [4, 12].

Автордың талқыға сала отырып, ой қозғау тәсілі арқылы баяндауы оқырманға айтарлықтай әсер етіп, қазақ тіліндегі сөйлеу тіліндегі салыстыра саралай сөйлеу мәнерін жазбаша нұсқаға сәтті аударған. Алайда көп жағдайда эмоционалдык-экспрессивтік мән беретін сөздер мен сөз тіркестерге (*тас талқан болып жердің асты-үстін быт-шыт қылып жіберер еді*) орын береді.

Әр жылда жазылған мұнай және газ саласына қатысты жазылған еңбектердің тілінде белгілі дәрежеде теориялық ілімді ұлттық дүниетаным негізінде қабылдап, жазу тілінде ұлттық таным ерекшеліктерін көрсете білгені анық. Айталық, «айдар», «ағызғыш», «жермай», «магма тұқымы» сынды термин мәндес сөздер қазақ халқының дүниетанымынан туған атау сөздер. Қазақтың тұрмыс-салтын, дүниеге көзқарасын білмейтін тұлға халықтылықты танытуы мүмкін емес.

Осы жерде айтар мәселе — **мұнай және газ саласының арнаулы тілі қандай түрде болуы керек?**

Біріншіден, ғылыми анықтама берілген ұғым атауларынан яғни терминдерден тұруы қажет. **Екіншіден**, көңіл-күйге әсер етер рендік сөздер мүлде қолданылмай, бір қалыпты ресми мәндегі сөздер пайдаланылуы тиіс. Бұл айтылғанға қосымша, жазбаша түрдегі еңбектерде кәсіби сөздер мен жаргон сөздер мүлде қолданылмауы керек. **Үшіншіден**, мұнай және газ саласындағы арнаулы тілде көркем образдылық болмағаны дұрыс. **Төртіншіден**, баяндау, суреттеу, сипаттау, сараптау, анықтама беру, салыстыру түріндегі мазмұнда болғаны жөн. **Бесіншіден**, арнаулы тіл толықтай ұлттық дүниетаным тұғырынан қарастырылған тіл болуы тиіс.

Арнаулы тілдің барлық бірліктері ерекше метасинтаксис немесе метаграмматикамен тұтастырылған [5, 68-75]. Бұл мәтіндегі ғылыми білім бөлшектерінің арасындағы байланыс жүйесі десе де болады. Термин зат есім, етістік, сын есім секілді сөз таптары тұлғасындағы жалпыхалықтық сөздерінің арасында қызмет атқарады. Алайда сол бір қарапайым сөздер ерекше қолданыста болып, мақсатты түрде арнайы тілдің негізін құрайды [6, 49]. Барлық лексикалық түрдің ішінен терминология ерекше орын алады. Өйткені термин арнайы білімді тоғыстырған тұжырымды ұғым. Термин атау болған ақпарат қазіргі таңдағы ғылыми-кәсіптік білімге арқау болып отырған, ұжымдаса жеткен жетістік негізінің базасын құрайды [7, 128]. Сондықтан да термин арнайы ақпаратты танытушы не таратушы бола тұра белгілі бір терминологиялық өріс аясында метатілдің басқа да лексикалық бірліктермен грамматикалық және синтаксистік байланысқа түсіп, терминологиялық сипаттағы біртұтас терминологиялық кеңістік түзеді.

Мұнай және газ дискурсындағы термин құрамы жағынан түбір сөз де, туынды сөз де, күрделі сөз де, терминологиялық тіркес те болуы мүмкін. Мысалы: түбір терминдер: *мұнай* (хим.), *ұңғы* (геол.), *күш* (физ.) т.б.

Туынды терминдер: а) *газсыздандыру* (м/г хим.), *ажыратқыш* (м/г физ.), *ертінді* (хим.), *саңылаусыздық* (мех.), *сығымдау* (мех.), *уатқыш* (мех.) т.б. ә) біріккен атаулар — *құмтас* (геол.), *көмірсутек* (хим.), *шымтезек* (хим.), *жылуалмастырғыш* (мех.), *көптарамды* (геол.) б) қос сөзді терминдер: *мұнай-газ*, *аспап-сайман* (мех), *көтеру-түсіру жұмыстары* (мех), *бақылау-өлшеу аспаптары* (физ.) т.б.

Тіркесті терминдер: *Айналдырып бұрғылау әдісі* (мех.), *соққылап қазу әдісі* (мех.), *трубалар басы* (мех.), *кері клапан* (мех.) т.б. [8, 8].

Қысқарған сөздер: *БӨА* (бақылау-өлшеу аспаптары), *КМБ* (кіріс монофольд блогі) т.б.

Ғылымда белгілі бір ұғымды бойына сыйдырып, номинативті сипатқа ие болған сөздің орны ерекше. Арнаулы тілді құраушы негізгі лексикалық бірліктер де терминдер болып саналады. Қазіргі мұнай және газ дискурсында өнікті қолданылып жүрген сөзжасам тәсілдері: лексика-семантикалық, синтетикалық, аналитикалық, терминологиялық алмасым (калька) сол секілді терминдену мен қайта терминдену тәсілін атауымызға болады. Лексика-семантикалық тәсіл сөздің мағынасын балау, телу, мегзеу, үстеме мағына

дарыту секілді жолдармен жүзеге асса, грамматикалық (аналитикалық және синтетикалық) тәсіл сөздерді тіркестіру, түрлендіру, тудыру арқылы жүзеге асады. Алайда түрлі тәсіл деп қарастырсақ та екеуінің арасында үлкен жақыншылық бар. Бірі лексикалық мағына берсе, екіншісі грамматикалық мағына жасайды. Барлығының мақсаты – сөздің қарапайым мағынасын кенейтіп, не өзгертіп ұғымға ұластыру.

Лексика-семантикалық тәсіл жалпыхалыққа түсінікті тұрақты лексикалық мағынасы бар сөздерді негізге алып, метафора, метонимия, теңеу секілді жолмен жаңа терминдік мағына дарыту болса, грамматикалық тұрғыда да түбір сөз мағынасын оған қосымшалар жалғау не сөздермен тіркестіру арқылы жаңа терминдік мағына беру болып табылады.

Лексика-семантикалық тәсіл арқылы тілде ғылымның әр саласында терминдер көп жасалған: үстеу, теңеу, суреттеу, қозғалыс, көбейту т.б. [9, 37] Мұнай және газ дискурсында қолданылатын термин қалыптастыруда да бұл тәсіл кеңінен қолданылып жүр.

Ғалым Нұржамал Оралбаеваның көрсетуінше, «лексика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған туынды сөздердің жаңа мағынасы ол сөздердің негізгі мағынасына негізделе жасалады да бірнеше мағыналық түрді білдіреді екен. Айталық, өзгерген туынды мағына. Мысалы: *бөл+ме, жасар, көк+(г)ер*

Түрленген туынды мағына: *әкетай, дөнежін, балапан.*

Көшірілген туынды мағына: *айтыс* (зат есім) – *айтыс* (ет).

Теңбе-тең туынды мағына: БҰҰ – Біріккен ұлттар ұйымы.

Бұл мағыналық түрлерді мұнай және газ саласындағы термин сөздермен қуаттап, мысал келтірейік. Өзгерген туынды мағыналы сөз: *тұн+ба, сүз+гі, қыс+ым*; түрленген туынды мағыналы атау: *шығыр+шық, ұңғы+ма, түтік+ше*; көшірілген туынды мағынаға ие терминдер: *айдау* (зат есім) – *айдау* (етістік), *өндіру* (зат есім) – *өндіру* (етістік), *өңдеу* (зат есім) – *өңдеу* (етістік) [9, 42].

Конверсия жолымен жаңа сөздің жасалуы – өте көп тараған тәсіл, оның ішкі ерекшеліктері де бар [9, 38].

Сол секілді тұйық етістік тұлғасын сақтап қалып, атау мағынасында қолданылатын терминдер қатары мұнай-газ саласында өте көп. Айталық, *бұрғылау, өңдеу, сүзу, іркілу, айдау, нығыздау,*

сығымдау, ығысу т.б. Көрсетілген терминдер жеке тұрысында заттық мағынаға да қимылдық мағынаға да ие. Тек қана мәтін ішінде ғана дәл анықтауымызға болады. Бұл сөздер не? деген сұраққа да, не істеу? деген сұраққа да бірдей жауап бере алады. Мысалы, *қашаумен бұрғылау* (не істеу?) – *Бұрғылау режимі* (не?), *мұнай және газды өңдеу* (не істеу?) – *өңдеу қарқынды жүріп жатыр* (не?), *өнімді сүзу* (не істеу?) – *сүзу процесі ұзақ жүреді* (не?), *іркілуге болмайды* (не істеуге?) – *мұнайдың іркілуі* (не?) т.б тек қана сөйлемдегі орын тәртібі мен жалпы мәтін мағынасына қарап анықтауымызға болады. Бұл құбылыс терминжасамның сәтті әрі тиімді жолы дей алмаймыз. Бұған бірнеше себептер бар:

1. Атау мағынасында қолданылып жүрген тұйық етістік тұлғасындағы сөз жеке тұрғанда қимыл сипатынан арылмай атау сөз ретінде танылмайды. Мысалы салыстырсақ, *өңдеу жұмысы – қайта өңдеу* немесе *құжат тексеруі* болады, *бізді бүгін тексеруі керек* т.б. Сол секілді есіктің маңдайшасындағы «*кіру*», «*шығу*» жазулары. Атау мағынасында қолданылса да, етістік тұлғасында қимылды білдіріп тұрғандай көрінеді. Ал дұрысында бұл сөздер «орын» мағынасын білдіруі тиіс.

2. Термин мәніндегі атау сөз болу үшін үнемі тіркесті сөз болуы қажет етіледі. Мысалы, *газ айдау* (перегонка), *сүзу процесі* (фильтрация), *мұнайдың іркілуі* (залегание) т.с.с. Бұл тілдің қолданысын қиындатады, күрделендіреді, ақпарат алмасуда тежегіш екендігі сөзсіз.

3. Сөз нақты бір сөз табына тиесілі болуы керек. Сөздің бір сөз табынан екінші бір сөз табының қатарына өтуінде аралық сипат болмауы қажет.

Осыған орай о баста қимыл мәнін білдірген сөзден атау сөз туғызуда терминжасамның синтетикалық тәсіліне жүгінгеніміз нәтижелі деген көзқарас туындайды. Мысалы, жоғарда көрсетілген сүзу процесін – *сүзілім*, мұнайдың іркілуін – *іркіліс*, ал газ айдау ісін – *айдалым* деп алсақ, атау мәніндегі, етістік тұлғалы сөздер зат есім қатарына өтіп, толыққанды атау сөз болып шығады деген ойдамыз.

Синтетикалық тәсіл арқылы жасалған туынды түбірлердің құрамындағы тілдік бірліктердің әрқайсысының орны бар, негіз сөз бірінші орында тұрады, жұрнақ екінші орында тұрады [9, 35]. Біздің жағдайымызда о бастағы қимылдық мән сақталынады деген сөз.

Дейтұрғанмен, сөздің ішіндегі жалғау, жұрнақ, шылаулық секілді ұсақ бөлшектер де мағына

үстеу қасиетін ескерген дұрыс деп білеміз. Олардың қандай мағыналық сипаты бар екендігін даралап, топтау бүгінгі қазақ тіл білімі үшін аса маңызды санаймыз. Айталық, жатыс септігі жалғаулары (-да, -де, -та, -те, -нда, -нде) сөзге жалғанған кезде не мезгіл не орын мағынасын үстейді. Мысалы, *құбыр+да* (орын мағн.) *жексенбі+де* (мезгіл мағн.). Осыған орай, нақты айтуымызға болады: жалғаулар сөзді жай түрлендірмейді мағыналық өзгеріске ұшыратады. Мысалы, **құбыр** деген сөз заттық атау сөз, ал оған —**да** жалғауын жалғап түрлендіргенде атау мағыналы сөздің көмегімен орынды білдіру жүзеге асады. Бұл жерде жаңа сөз туып тұрған жоқ, негізгі құбыр сөзінің мағынасына сақталынды да, оның сөйлемдегі логикалық орны өзгерді. О басында объекті болса, жалғау жалғаған кезде орынға айналды. Мағына беруде жалғауларға қарағанда жұрнақтардың жаңа мағынаға ие сөз туғызу қызметі маңызды. Алайда жұрнақтар оңды-солды емес, білгілі бір мағыналық тәртіппен тіркеседі. Бұған дәлел ретінде кәсіп иесін атау үшін қолданылатын —**шы**, —**ші** жұрнақтарына мысал келтірсек жеткілікті: *бұрғы+шы*, *құдық+шы*, *балта+шы*, *ел+ші*, *етік+ші* т.б. Назар аударып қарасак, бұл жұрнақ тұлғаның кәсібінің нысанына не қимыл-қызметіне байланысты алынған сөздерге ғана жалғанады. Сондықтан дискурстағы әр сөзжасам жұрнағының жалғану ұстанымдарымен қатар, логикалық тізбегі бар. Белгілі бір комбинация сақталған жағдайда нақты ұғымды не мағынаны берері сөзсіз.

Мұнай және газ саласына қатысты дискурста етістік тұлғасындағы сөздердің заттық мәнге ауысуы жиі ұшырасады. Әсіресе өндіріс жағдайында пайдаланылатын терминдердің түп-тамырында қимылдық мән айқын байқалады. Айталық, мұнай-газ химиясында: *ер+т+ін+ді*, *қос+па*, *байла+н+ыс*, *жұт+ыл+ым*, *сіңір+іл+ім*; мұнай-газ механикасында: *қыс+қыш*, *бұр+ғы*, *сор+ғы*, *қон+дыр+ғы*, *бұр+а+н+да*, *бұр+а+н* т.б. мұнай-газ физикасында: *жар+ыл+ыс*, *қопар+ыл+ыс*, *тоң+аз+ыт+қыш*, *жәрсілкі+н+іс*, *қыз+у*, *қыс+ым*, *жабыс+қақ+тық*, *тұт+қыр+лық*, *өт+ім+ді+лік* т.б. Зер салсақ, көрсетілген сөздердің барлығында қимыл бастамы бар. Олар бір сөз табынан екінші сөз табына жұрнақ жалғану арқылы ауысып, жаңа мағынаға ие болған. Тілімізде етістіктен сан түрлі жұрнақтар арқылы атау мағыналы сөзге айналған зат есім сөздер баршылық. Мысалы, *бұр+ғы*, *ер(i)+т+ін+ді*, *қаз+ба*, *қос+ын+ды*, *өлше+м*, *иір+ім*, *қал+дық*, *тұн+ба*, *жана+ма*, *қи+ма*, *ты(қ)е+ын* т.б. Етістік тұлғасындағы сөздерден синтетикалық

тәсіл арқылы процесс атауын, түрлі зат не субъект атауын білдіретін термин сөздер мұнай және газ дискурсында да көп кездеседі. Түбір етістіктен зат есім туғызуда етіс жұрнақтары мейлінше кең қолданылады. Етіс жұрнақтарының түбірге қосылуының өзіндік ерекшеліктері және атқаратын қызметі анық.

Етіс — қимыл, іс-әрекеттің, субъекті мен объекті арасындағы (семантикалық-синтаксистік сипаты) әртүрлі қатынасты білдіріп, белгілі қосымшалар жүйесі арқылы жасалатын етістік категориясы [10, 507]. Қазіргі терминжасамда етістіктің етіс жұрнақтарының көмегімен көптеген терминдер туып жатыр. Мысалы, *қоздырғыш*, *тексеріс*, *есірткі* т.б. Қазақ тілінде етістіктің төрт етіс түрі бар: өздік (жұрн.: —**ын**, —**ін**, —**н**), өзгелік (жұрн.: —**тыр**, —**тір**, —**дыр**, —**тір**, —**дыр**, —**дір**, —**ыр**, —**ір**, —**т**, —**қыз**, —**ғыз**), ырықсыз (жұрн.: —**ыл**, —**іл**, —**л**, —**ын**, —**ін**, —**н**), ортақ (жұрн.: —**ыс**, —**іс**, —**с**) етіс [10, 47].

Көрсетілген етіс жұрнақтары етістіктен зат есім не номинативті сөз туғызуда жетекші қызмет атқарып жүр. Етіс жұрнақтарының жеке дара түріне байланысты мағыналық бағыты бар, бұл туралы етіс түрлерінің ережелері айқын бағыт береді. Мысалы өздік етісте әрекетті субъектінің өзі жасауы тиіс, өзгелік етісте қимыл-әрекеттің бөгде адам арқылы жасалуы керек, ал ырықсыз етіс жұрнағы жалғанғанда қимыл өздігінен жасалынса, ортақ етісте қимыл иесі бірнешеу болады. Ал түбірге жалғанған етіс жұрнағынан соң сөз тудырушы жұрнақтар жалғанғанда етіс жұрнағы қандай қосымша мән-мағына үстемелейді және қандай лексика-логикалық тәртіпті ұстанатындығын анықтау бүгінгі күннің зерттеу нысаны болып отыр.

Барлық етіс түрлерінің жалғанар түбір сөзі бұйрық рай тұлғасындағы сөздер болып келеді. Айталық, өздік етіс жұрнақтарына —**ды**, —**ді** жұрнақтарын қосу арқылы *ер(i)+т+ін+ді*, *қос+ын+ды* деген белгілі бір процестің өнімі не нәтижесін көрсетіп тұратын ұғым сөз пайда болған. Бұл жерде —**ын**, —**ін** болған қимыл-әрекетке мезеп тұрса, —**ды**, —**ді** шыққан өнім не нәтижеге сілтеп тұр.

Сол секілді өзгелік етіс жұрнақтарының көмегімен және **ғы**, —**гі**, **қы**, —**кі**, жұрнақтарының қосындысымен жасалған термин сөздер: *күл+дір+гі*, *күй+дір+гі*, *қон+дыр+ғы*, *есір+т+кі* жасанды не жорта жасалған өзгенің қимыл-әрекетінің өніміне не субъектісіне нұсқап тұрады. Жеке-жеке талдап қарасак, *күл* деген бұйыра айтылған қимыл атауына —**дір** жасанды не еріксіз қимыл мағынасы үстемеленеді де —**гі** қосымшасы жал-

ғану арқылы сол әрекеттің өнімі не субъектісі нақты атау сөзге ие болады. Дәл сол түрде *күйдіргі* сөзі жасалынған. Бұл көрсетілген екі сөз әрекет субъектісінің атауы, ал *қондырғы* және *есірткі* сөзі қимыл нәтижесі не өнімінің номинациясы болып табылады.

Етіс түрлерінің ішінде ырықсыз етіс жұрнақтарына **-ыс**, **-іс** жұрнақтарын жалғау арқылы қимылды білдіретін сөзден процесс атауын туғызуға болады. Айталық, *төңкер+іл+іс*, *тербе+л+іс*, *қонар+ыл+ыс*, *жар+ыл+ыс*, *қозға+л+ыс* т.б. Бұл түбір сөздерге жалғанған **-ыл**, **-іл** жұрнақтары бірінші жақтағы субъекті екінші жақтың өзіне қимыл жасауды жүктеген мағынасы қалыптасады да **-ыс**, **-іс** қосымшасы жалғанған кезде субъектісі айқын емес процесс атауы туындайды. Бұл жерде жұрнақ түрінің өзгеруіне байланысты терминдік мән өзгеретінін қатаң ескеру қажет. Мысалы, бір ғана етістіктен зат есім туғызатын **-ыс**, **-іс** жұрнағы етістікті түбірге тікелей жалғанып ортақ етіс тұлғасында тұрса, қимыл-әрекет жағдайын білдіреді. Мысалы, *кідір+іс*, *жүгір+іс*, *отыр+ыс*, *жат+ыс*, *тұр+ыс* т.б. Сол сияқты *тексер+іс*, *тапсыр+ыс* т.б. Етістіктің түбіріне ырықсыз етіс жұрнағынан кейін жалғанса қимыл-әрекет ұғымының атауы болып табылады. Мысалы, *тарт+ыл+ыс*, *қыр+ыл+ыс* т.б. Ал егер өздік етістің **-ын**, **-ін**, **-н** жұрнағына **-ыс**, **-іс** жалғанған болса, жай-күй, жағдай мағынасы туындайды. *Сұра+н+ыс* (нарықтағы жағдай), *қорға+н+ыс* (шабулға тойтарыс беру жағдайы), *тебіре+н+іс* (қалып, дененің не сезімнің қозғалыс жағдайы) т.б. Зер салсақ, бұл арада да процестің орны бар, бірақ бұл процесс белгілі бір жағдайдан кейін туындайды екен. Қимыл-әрекетті білдіретін сөз сол процестің атауы мағынасын қабылдап, грамматикалық тұлғасын да өзгерткеннен бастап жаңа заттық тұлғада түрлене бастайды. Сондықтан процесс мағынасы көмескіленіп, жаңа мән-мағына үстемеленеді. Дәлел ретінде о баста қимылды білдіріп кейін процесс атауына айналған, ал қазіргі таңда тіпті орын мағынасында қолданылатын сөздерді талдап көрелік. Айталық, *құр+ыл+ыс*, *жай+ыл+ыс* және *бұр+ыл+ыс* сөздері. Бастапқыда бұйрық түрінде берілген қимыл атауы, кейін **ыл+ыс** қосымшаларының қосылуымен тұтас бір процесті білдіретін ұғым атауы, ал қазір сол процесс жүретін орын мағынасы үстем болып жүр. Мысалы, *машинаны оңға бұр* (қимыл жасауға бұйрық берілді), *ол солға бұрылды* (қимыл-әрекетті толық жасады), *бұрылыста тоқта* (орынды нұсқап тұр) т.б. «Құрылыс» сөзі зат есім тұлға-

сына толық еніп, қимыл-әрекетті жасаушы субъекті мағынасын беретін «*құрылыс+шы*» деген жаңа сөз туды.

Белгілі бір қимыл-әрекет ұғымын атауда соңғы кезде өнікті қызмет атқарып жүрген **+ым**, **+ім**, **+м** формантын ерекше атауымызға болады. Әсіресе тіл білімінің фонетика саласында орын алып жүрген *айтыл+ым*, *жазыл+ым*, *естілі+ім* секілді жаңа терминдер сәтті қолданыс тауып жүр. Назар аударсақ, аталған формада да **+ыл**, **+іл**, **+л** жұрнақтарының қатысы, яғни ырықсыз етістік нұсқасы, нәтижелі процесс атауын білдіру үшін қолданылған. Мысалы, *қой+ыл+ым*, *көрсет+іл+ім*, *түз+іл+ім*, *жұт+ыл+ым*.

Мұнай-газ саласы дискурсында да қимылдық мәннен бастам алған атау сөздер молшылық, олардың негізгі бөліктері төмендегідей модельдер бойынша қалыптасқан:

1. Бұйырылып айтылған қимыл мағынасы – орын атауы. Етістік түбір **+ыс**, **+іс**, **+с**. Мысалы: *қон+ыс*, *бол+ыс* т.б.

2. Бұйырылып айтылған қимыл мағынасы – заттық атау. Етістік түбір **+ғы**, **+гі**, **+ы**, **+кі**, **+па**, **+пе**, **,**, **+ым**, **+ім**, **+м** Мысалы: *бұр+ғы*, *қос+па*, *қыс+ым* т.б.

3. Бұйырылып айтылған қимыл мағынасы – нәтижелі зат не орын. Түбір етістік **+ма**, **+ме**, **+па**, **+пе**, **+ба**, **+бе**, **+ым**, **+ім**. Мысалы: *қос+па*, *жар+ма*, *қой+ма*, *ой+ма*, *қуыр+ым*, *қор+ым* т.б.

4. Бұйырылып айтылған қимыл мағынасы – процесс атауы. Түбір етістік **+ыл+ым**, **+іл+ім**, **+ыл+ыс**, **+іл+іс**. Мысалы: *жұт+ылым*, *қонар+ылыс*, *өндірі+ілім* (добыча), *сүз+ілім* (фльтрация), *айыр+ылым* (сепаратция) т.б. (Етістіктің түбіріне ырықсыз етіс жұрнақтарынан кейін **+ыс**, **+іс**, **+с** не **+ым**, **+ім**, **+м** жұрнақтарын жалғау арқылы процесс атауын туғызуымызға болады).

5. Бұйырылып айтылған қимыл мағынасы – процесс жағдайы. Етістік түбір **+ыс**, **+іс**, **+с**. Мысалы: *тексер+іс*, *күйзел+іс*, *үйкел+іс*, *дағдар+ыс*, *жат+ыс*, *тұр+ыс*.

6. Бұйырылып айтылған қимыл мағынасы – қасиет – зат. Етістік түбірі **+қақ+тық**, **+гек+тік**, **+гіш+тік**, **+ғыш+тық**. Мысалы: *жабыс+қақ+тық*, *ері+гіш+тік*, *тырыс+қақ+тық*, *өткіз-гіш+тік* т.б.

7. Бұйырылып айтылған қимыл мағынасы – процесс – нәтижелі зат. Етістік түбірі **+ін**, **+ын**, **+н** **+ды**, **+ді**, **+ты**, **+ті**. Мысалы: *ерт+ін+ді*, *қос+ын+ды*, *жаса+н+ды*, *кес+інді* т.б.

(жеке-дара **+ын**, **ін**, **+н** өздік етіс жұрнақтарының процесс атауын туғызу мүмкіндігі жоқ, олар тек **+ды**, **+ді**, **+ты**, **+ті** қосындыларының

алдынан келу арқылы процесс өнімін не нәтижесін атауға қызмет атқарады) т.б.

Терминжасамдағы өнікті тәсілдердің бірі – аналитикалық тәсіл. Н.Оралбаеваның жіктеуі бойынша, бұл тәсілдің іштей бірнеше топтамасы бар: 1) сөзқосым, 2) қосарлау, 3) тіркестіру, 4) қысқарту сияқты аналитикалық тәсілдің түрі бар [9, 37]. Мұнай және газ саласында сөздердің бірігуі арқылы және тіркесуі арқылы жасалған терминдер жиі кездеседі.

Біріккен сөз деп сыңарлары мағына жағынан да, тұлға жағынан да бірігіп, біртұтас мағынаны білдіретін, біртұтас дыбыстық құрамдағы, бір екпінмен айтылып, сөйлемнің бір мүшесі болатын сөздерді айтамыз [9, 63].

Айталық, *мұнай-газгеологиясына* қатысты терминдердің ішінде біріккен сөздер қатары әсіресе тау жыныстарының атауларында көп кездеседі: *сазтас* (аргиллит), *сутас* (горн. хрусталь), *шынытұз* (каменная соль), *талишықтас* (асбест), *шұбартас* (гранит), *көміртас* (графит), *қиыршықтас* (щебень), *ақтас* (кварц), *қабыршықтас* (слюда), *құмсірне* (силикагель), *ақсаз* (каолин), *шымтезек* (торф), *әктас* (известняк), *құмақтас* (песчанник), *таскөмір* (каменная уголь) т.б. Көрсетілген терминдер негізінен минералдар мен тау жыныстарының аттары. Олардың химиялық құрамы бірнеше заттан болуы себепті атауында да екі немесе одан көп сөз түбірі орын алған. Екі заттың қосындысы үшінші бір жаңа затты туғызған. Бұл құбылыс терминдік атаудан айқын көрініп тұрады. Терминдердің көп бөлігі тас сөзінің көмегімен жасалған. «Тас» деген сөздің өзі қатты, бір тұтас дене дегенді білдіреді. Оның өз алдына формасы, салмағы, қаттылығы болады. Негізінен терминдердің бірінші бөлігі минералдың не жыныстың құрамына сілтеу жасап тұрса, екінші бөлігі тас сөзіне бітіп, бұл заттың не дененің өз алдына геофизикалық, геохимиялық ерекшелігі бар екендігін көрсетеді. Айталық, *талишықтас*, *сутас*, *сазтас*, *көміртас* т.б. Кейбіреулерінің атауларында оның қасиетіне, түр-түсіне бағыттап ат қойылған. Мысалы: *шұбартас*, *қиыршықтас*, *ақтас* т.б. Кейбір минерал не тау жыныстарының атаулары құрамында бар негізгі бөлшектердің атауларын біріктіру арқылы жасалған. Мысалы: *құмсірне*, *алюмсірне* т.б.

Мұнай-газмеханикасына да түбірлердің бірігуі арқылы жасалған құрал атауы болған терминдердің қатары мол. Мысалы, осы салаға қатысты біріккен сөз терминдері: *қолшығыр* (ролик), *автосорғы*, *белтемір*, *төрешек* (бобина), *газшашар* (га-

зометр), *мойынтірек* (подшипник), *шаңжигыш* (пыльник), *отбақыр* (тигер), *үштармақ* (тройник), *келтеқұбыр* (патрубок), *электрбұр*, *тұрбабұр*, т.б. Негізінен құрал атауы болатын біріккен сөздер құралдың қасиеті мен сырт бейнесі ерекшелігіне байланысты жасалса керек. Айталық, *шаңжигыш*, *газшашар*, *автосорғы*, *электрбұрғы* терминдері құралдың қасиетіне мегзеп тұрса, *үштармақ*, *келтеқұбыр*, *мойынтірек* сөздері сыртқы келбетіне қарап сөздердің түбірлерін біріктіргені аңғарылады.

Мұнай-газхимиясында қолданылатын терминдердің ішінде түбірлердің бірігуі арқылы жасалған терминдерді де кездестіреміз. Мысалы: *көмірсутек*, *оттек*, *күкіртсутек*, *финолфтолин*, *биосірне*, *тұзтекті*, *әртектілік*, *біртекстілік* *суаңзат*, *қарамай*, *көксағыз*, *сіркесу* т.б. Топтап қарастырсақ, сала бойынша кездесетін біріккен сөздер негізінен қос түбірлі сөздер болып келеді. Алайда үш түбірлі сөздер де бар, мысалы, *көмірсутек*. Олар химиялық зат атауы және химиялық қасиет атауы да болуы мүмкін. Мысалы: химиялық бөлшек атаулары: *сутек*, *оттек*, *көміртек* т.б. химиялық қосынды не зат атаулары: *сіркесу*, *суаңзат*, *финолфтолин*, *көксағыз* т.б. химиялық қасиет атаулары: *тұзтекті*, *әртектілік*, *біртекстілік* т.б. Біріккен түбірлердің барлық сыңары да есімдерден болып келеді. Негізгі бөлігі зат есім мен зат есімнің қосындысы. Алайда мұнай-газхимиясы саласының біріккен термин сөздерінің бірінші сыңарында сындық мағына аңғарылады. Айталық, *су+тек* (сулы +тек /қандай тек?/), *сірке+су* (сіркелі су /қандай су?/) , *әр+тек+ті* (әртүрлі текті /қандай текті?/) т.б. Сол секілді бірінші сыңары сын есім тұлғасын сақтап қалған терминдер де кездеседі. Мысалы, *көк+сағыз*, *қара+май* т.б.

Мұнай-газфизикасы дискурсында қолданылатын терминдер де түбірлердің бірігуі арқылы өнікті жасалынады: *газалмасым*, *жылуалмасым*, *газанықтағыш*, *монометр*, *суөткізгіштік*, *суөткізбегіштік*, *ылғалөшеуіш*, *газайырғыш*, *қызубергіштік*, *қызутөзімділік* т.б. Сала дискурсында **+ым**, **+и** қосымшалары арқылы процесс атауын білдіру қазіргі терминтанымда жиі ұшырасады. Бұл тәсіл мұнай-газфизикасында да тиімді қолданылған: *газалмасым*, *жылуалмасым* т.б. Сол секілді **+ғыш**, **+гіш** қосымшалары арқылы құрал атауын білдірген терминдер де баршылық. Мысалы, *газанықтағыш*, *газайырғыш*, *ылғалөшеуіш* т.б. Сала бойынша физикалық қасиетті атау мақсатында **+гіш+тік**, **+ғыш+тық** және **+ды+лық**, **+ді+лік** қосымшалары өнікті пайдаланылады. Мысалы, *суөткіз+гіш+тік*, *қызубер+гіш+тік*, *қызутөзім+ді+лік* т.б.

Мұнай және газ дискурсындағы түбір біріктіру арқылы жасалған терминдер бір тұлғалы сөз деп қарастырылады. Яғни бір сөз табына жатқызылып, бір сұраққа жауап береді. Алайда Г. Жаркешеваның пікірінше, біріккен, кіріккен сөздер түрлі синтаксистік қатыста тұрған бір кездегі еркін тіркестен қалыптасқандықтан, оларда синтаксистік байланыс ізі сақталады екен. Бұл тұжырымға сүйенсек, газ алмасу процесінен – *газ+алмас+ым*, газ анықтайтын заттан – *газ+анықта+ғыш*, ал көмір және тек секілді жеке зат атауы болған сөздерден *көміртек* сынды терминдер шығады. Алғашында белгілі бір мағынасы бар сөз екінші өзге мағыналы сөздің түбірімен бірігіп жаңа бір ұғымдық атауға ие болады. Мысалы, *қызутөзімділік* терминінің жасалуында «қызу» деген жеке мағыналы сөзге «өткізгіштік» деген қасиет атауын білдіріп тұрған сөзді біріктіру арқылы қасиет атауы болып тұрған сөзге анықтағыш ретінде бірінші түбір сөздің мағынасы жанысып тұр.

Арнайы дискурсты танытуда сөздердің тіркесу жолымен жасалған терминдер де өнікті қызмет атқарып келеді.

Туынды сөздердің бәрі дара мағынада бола бермейді. ... аналитикалық тәсіл арқылы жасалған күрделі сөздердің мағынасы біртұтас лексикалық мағына болғанымен, олар білдіретін ұғым күрделі. (күрделі үдеріс) [9, 42].

Қорыта айтқанда, мұнай және газ саласы дискурсында ұлттық таным мен болмысты нақты көрсетуде терминжасамның барлық тәсілі де өнікті. Егер дискурс тілдік тұлғаның өзіндік «ғаламының бейнесін» жасауы болса, сала тілінде де сол тілдік тұлғаның ұлттық ерекшелігі көрінуі тиіс. Ал таным ерекшеліктерін тек қана вербалды жолмен көрсетуімізге болады. Бұл жолда сема, қосымша секілді грамматикалық және синтаксистік бөлшектер де жетекші қызмет атқарады. Арнайы мұнай және газ сала дискурсын қалыптастыра отырып ғаламның тілдік бейнесін шығару мүмкіндігі туады. Яғни мұнай-газ саласы сабақтасып жатқан ғылым салаларының дискурсы

арқылы ғаламды танудың жаңа қырын табамыз. Ең бастысы – тіл заңдылықтарына қиғаш келмей, грамматикалық талаптарға жауап бере отырып, қолданыста икемді, дискурс құраушы негізгі бөлшек терминдерді ұлттық болмыста түземіз. Мұнай және газ саласындағы терминдер қазақтың жер туралы, жерасты өнімдерін игеру туралы, өндіру құралдарының принциптері туралы дүниетанымы негізінде жасалуы тиіс демекпіз.

ӘДЕБИЕТ

1. *Салқынбай А., Абақан Е.* Лингвистикалық түсіндірме сөздік: – Алматы: Сөздік-Словарь, 1998. – 304 б.
2. *Калмыков Н.И., Дроздов А.И., Сергеев В.В.* Мұнай скважинасының бұрғышысы және оның көмекшісі. Алматы: КМББ, 1943.
3. *Жуков А.И.* Жер астылық ремонт бригадасының слесарі мен жұмысшысы. /ред. басқарған Шаукенбаев А./ – Алматы, 1943.
4. *Шарипов С.* Непті. – Қызылорда, 1931. 5–49-бб.
5. *Бокадарова Н.Ю.* Проблема историологии науки о языке // Вопросы языкознания. – 1986. №6. С. 68-75.
6. *Митрофанова О.Д.* Научный стиль речи: проблемы обучения. М.: Русский язык, 1985. – 128 с.
7. *Володина М.Н.* Когнитивно-информационная природа термина (на материале терминологии средств массовой информации). – М.: Изд. МГУ, 2000 –128 с.
8. *Құрманбайұлы Ш.* Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері. Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 237 б.
9. *Оралбай Н.* Қазақ тілінің сөзжасамы. Алматы, 2002.
10. Қазақ грамматикасы. Астана, 2002.
11. *Сабыр М.* Қазақ тілі. Орал: Ағартушы, 2005. – 90 б.

Резюме

Данная статья посвящена теме специального языка в сфере разработки и эксплуатации нефтегазовых месторождений. Анализируются лексико-грамматические особенности отраслевого дискурса.

Summary

Given article is devoted a theme of special language in sphere of working out and operation oil and gas a deposit. It is analyzed lexical and grammatical features of a branch discourse.